

ЕСТИТІН ҮКІМЕТ

ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ:
100-ге жуық мәселе көтерілді

Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов Қосшы қаласында азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдап, өтініш-арыздарын тыңдады.



Фото: облыс әкімінің баспасөз қызметі

Кездесу аясында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, инфрақұрылымды дамыту, үлестік құрылыс, абаттандыру және денсаулық сақтау салаларына қатысты сұрақтар қаралды.

Атап айтқанда, қала тұрғыны Ирина Осипова өңір басшысына «Даймонд парк» тұрғын үй кешенінің құрылысы бойынша шағымын жеткізді. Қосшы қаласының әкімі Азамат Қапышевтың мәлімдеуінше, қазіргі уақытта ұзаққа созылған құрылыс мәселесін шешу бағытында нақты шаралар қолға алынған. Құрылыс жұмыстарына тәжірибелі компания тартылып, нысанды биыл аяқтау жоспарланып отыр.

Сондай-ақ «Құрылтай» тұрғын үй кешенінің үлескерлері де осыған ұқсас мәселемен облыс басшысына арызданды. Бұл жағдай бойынша Марат Ахметжанов қала әкімдігіне және тиісті мемлекеттік ор-

гандарға мәселені жан-жақты талдауды тапсырды.

Қабылдау кезінде Қосшы қаласы мен оған қарасты Тайтөбе ауылының тұрғындары абаттандыру мен жол жөндеу жұмыстарына қатысты өтініштерін айтты. Облыстық жол-аушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Владимир Кулаковтың айтуынша, Қосшыдағы жолдарды жөндеуге 6,2 миллиард теңге көлемінде қаржы бөлініп, жөндеу жұмыстары алдағы уақытта басталмақ.

Жалпы, қабылдау барысында 100-ге жуық мәселе көтерілді. Облыс әкімі әр сұрақты мұқият тыңдап, қолданыстағы заңнамаға сәйкес түсініктеме беріп, жауапты мекемелерге нақты тапсырмалар жүктеді. Көтерілген мәселелердің орындалуын Марат Ахметжанов жеке бақылауына алатынын атап өтті.

ЗАҢ ТӘПСІР

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ АНЫҚТАУҒА
КӨМЕКТЕСКЕНДЕРГЕ СЫЙАҚЫ БЕРІЛЕДІ

Пара ұсынған немесе бопсалаған жағдайда қалай әрекет ету керек:

- пара беруші (параны бопсалап беруші) пара алуға (беруге) дайындық ретінде немесе үзілді-кесілді бас тарту ретінде түсіндіре алатын асығыс мәлімдемелерге жол бермей, өте сәк, сыпайы, жалтақтамай әрекет ету;
- сізге ұсынылған шарттарды мұқият тыңдап, есте сақтаңыз (сомалардың мөлшері, тауарлардың атауы және қызметтердің сипаты, пара беру мерзімі мен тәсілдері, коммерциялық пара беру нысаны, мәселелерді шешу реттілігі);
- пара беру уақыты мен орны туралы мәселені келесі әңгімеге ауыстыруға тырысыңыз және келесі кездесуге жақсы таныс орын ұсыныңыз;
- әңгімеде бастаманы өз мойныңызға алмаңыз, «қабылдау үшін көбірек жұмыс жасаңыз», әлеуетті пара алушыға (пара берушіге) «сөйлеуге» мүмкіндік беріңіз, сізге мүмкіндігінше көп ақпарат беру үшін;
- егер сізде диктофон болса, пара немесе оны бопсалау туралы ұсынысты (жасырын) жазуға тырысыңыз.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлағаны үшін сыйақы көзделген, ол бойынша пара немесе келтірілген залал сомасы 1 мың айлық есептік көрсеткіштен (2, 917 млн теңге) аспайды, 30-дан 100 АЕК-ке дейін құрайды.

Біржолғы ақшалай сыйақы мынадай мөлшерде белгіленеді:

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы Әкімшілік істер бойынша – 30 АЕК;
- онша ауыр емес сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша – 40 АЕК;
- орташа ауырлықтағы сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша – 50 АЕК;
- ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша – 70 АЕК;
- аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша – 100 АЕК.

Пара сомасы немесе келтірілген залал немесе ұсынылған жеңілдіктердің немесе көрсетілген қызметтердің құны 1 000 АЕК-тен асатын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар бойынша біржолғы ақшалай сыйақы пара сомасының немесе келтірілген залалдың 10% құрайды, бірақ 4 мың АЕК-тен (11, 668 млн теңге) аспайды. Көтермелеулерді қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

З.Салимова,

Қосшы қ. тұрғындарының арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәдениетін қалыптастыру жөніндегі жобаның үйлестірушісі

23 сәуір күні Қосшы қаласы мәслихатының төрағасы Ә.Қуатбеков пен мәслихат депутаты Д.Кәкімжанов Алтын қазық көшесінің тұрғындарымен кездесу өткізді. Кездесу барысында тұрғындар бірқатар инфрақұрылымдық және тұрмыстық мәселелерді көтеріп, өз ұсыныстарын жеткізді.

ДЕПУТАТ МІНБЕРІ

ЕЛ ТАЛАБЫ ЕСКЕРІЛЕДІ

Атап айтқанда, тұрғындар ескі үйлерді жөндеу, шатырдан су ағуын тоқтату, көшеге асфальт төсеу, мектепке баратын жолға уақытша төсем салу, қоқыс тастау мәселесін шешу, сондай-ақ балалар алаңын салу сияқты маңызды сұрақтарды қозғады.

Кездесу барысында депутаттар әр мәселені мұқият тыңдап, заң аясында жауап беріп, шешу жолдарын қарастыратынын айтты. Сонымен қатар тұрғын үйлерді жаңғырту жұмыстары арнайы жоспар бойынша кезең-кезеңімен жүргізілетіні де түсіндірілді.

Көтерілген барлық мәселелер назарға

алынып, тиісті мемлекеттік органдарға депутаттық сауалдар жолданатын болды. Жиын қорытындысында депутаттар тұрғындардың ұсыныстары ескеріліп, ең өзекті мәселелер бойынша нақты іс-шаралар қабылданатынын жеткізді.

Бұл кездесу халықпен ашық диалог орнатуға және жергілікті проблемаларды шешуде тұрғындардың пікірін ескеруге бағытталған маңызды қадам болды.

Қуаныш Тыныбекұлы,
Қосшы қаласы мәслихатының бас-
пасөз хатшысы



ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ

АЙТЫП КЕЛМЕЙТІН АПАТТАН
АМАН БОЛЫҢЫЗДАР!

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ӨРТ ҚАУІПІ БАР КЕЗЕҢ БАСТАЛДЫ

Кез келген адам жасы мен қызметіне қарамастан, алда келе жатқан демалысын, табиғат аясындағы демалыс күндері мен мерекелерін асыға күтеді. Осы уақыттарда саяжай маусымы басталып, сонымен бірге қоқыс пен құрғақ шөпті бақылаусыз өртеу салдарынан өрттер жиілейді. Бұл жағдай жыл сайын қайталануда.

Қалдықтар мен құрғақ шөпті өртеу, от жағу ғимараттар мен құрылыстардан кемінде 50 метр қашықта жүргізілуі тиіс. Ал желді күндері мүлдем от жағуға болмайды.

Елді мекендер мен ұйымдардың аумағында жанғыш қалдықтардың үйінділерін жағуға тыйым салынады, – олар уақытылы шығарылуы қажет.

Саяжай маусымымен қатар, қала тұрғындары табиғатқа шығып, кәуәп пісірумен айналысатын пикник маусымы да басталады. Табиғатта демалу кезінде өте мұқият болу керек: сөндірілмеген темекі тұқылдарын, сіріңкелерді тастамаңыз, сөндірілмеген отты және сынған шыны ыдыстарды қалдырмаңыз.

Басқа жерлерде от жағу тек минералдандырылған жолақпен (ені кемінде 4 метр) қоршалған арнайы алаңдарда ғана рұқсат етіледі.

Пикник аяқталғаннан кейін оттың толық өшуі үшін топырақпен көміп немесе сумен сөндіру қажет.

Қайғылы жағдайлар орын алмауы үшін өрт қауіпсіздігінің қарапайым ережелерін сақтау керек:

- Ұзақ уақыт бойы құрғақ, ыстық және желді ауа райында от жағуға, өрт қаупі бар жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады.
- Көшеде бөтелкелер мен сынған шыныларды тастамаңыз, – олар күн сәулесін линза



терізді шоғырландырып, астындағы шөптің өздігінен жануына себеп болуы мүмкін.

- Электр желілерін, электр және газ құрылғыларын, пештерді дұрыс жағдайда ұстаңыз, оларды қолдану кезінде қауіпсіздік шараларын сақтаңыз.
- Электр құрылғыларын, газ плиталарын қараусыз қалдырмаңыз және оларды бақылауды кішкентай балаларға тапсырмаңыз. Балалардың отпен ойнауына қатаң тыйым салыңыз.

Өрт болған жағдайда 112 нөміріне хабарласыңыз.

ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ! Өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтау ғана өрттің алдын алып, қайғылы оқиғаларға жол бермейді.

Қосшы қаласының төтенше
жағдайлар қызметі


Бетті дайындаған Дәулет АСАУ



ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН

Қазақстан Республикасының Конституциясы – мемлекеттіліктің негізі

Қазақстан Республикасының Конституциясы – еліміздің Ата Заңы, Тәуелсіз Қазақстанның басты құқықтық құжаты. Ол 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданып, сол жылдан бастап еліміздің саяси, құқықтық және әлеуметтік дамуының берік іргетасына айналды.



Конституция – халықтың еркі
Қазақстан халқы Конституция арқылы өзінің егемендігін, демократиялық құндылықтарға деген адалдығын және зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет ретінде даму бағытын нақтылады. Конституцияда «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық» деп көрсетілген (1-бөлім, 3-бап), бұл – еліміздің барлық заңдары мен мемлекеттік шешімдерінің халық мүддесіне сай болуы тиіс деген сөз.

Негізгі құқықтар мен бостандықтар
Конституцияда адамның және азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтары кеңінен бекітілген. Әрбір азаматтың өмір сүру құқығы, сөз бостандығы, ар-ождан еркіндігі, еңбек ету және білім алу құқықтары қамтамасыз етіледі. Мемлекет бұл құқықтарды сақтау мен қорғауды өз міндетіне алады.

Билік тармақтарының тепе-теңдігі
Конституция билік тармақтарының – заң шығарушы, атқарушы және сот билігінің – өзара дербестігі мен теңдігін қамтамасыз

етеді. Бұл демократиялық басқару жүйесінің негізгі қағидаларының бірі болып табылады және мемлекеттік органдар арасында тиімді тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік береді.

Құндылықтар мен болашаққа бағдар
Ата Заң – ұлттық бірлік пен тұтастықтың, бейбітшілік пен келісімнің, тұрақтылық пен даму жолының кепілі. Қазақстан халқының бірлігі мен татулығы, мемлекеттік тіл мәртебесі, ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрлердің сақталуы – барлығы Конституцияда көрініс тапқан.

Қорытынды
Қазақстан Республикасының Конституциясы – тек заңдар жинағы ғана емес, ол – ұлттың саяси мәдениеті мен мемлекеттік идеясының көрінісі. Оны құрметтеу, сақтау және ұрпаққа аманат ету – әрбір азаматтың қасиетті борышы. Еліміздің өркендеуі мен дамуы осы Ата Заңға деген адалдықпен тығыз байланысты.

Қосшы қалалық соты

ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ

ӘКЕ – ОТБАСЫНЫҢ ТІРЕГІ, ҰРПАҚТЫҢ ТӘРБИЕШІСІ

Бүгінгі күні әлем стихиялы түрдегі, терең дағдарысты бастан кешіруде. Қазіргі кезде қоғамда өскелең ұрпақ тәрбиесіндегі олқылықтар, жасөспірімдердің бұзықтығы, отбасы құндылықтарының жойылуы туралы жиі естиміз. Бұл мәселелердің астарында көбінесе әкенің отбасындағы рөлінің әлсіреуі жатыр.

Ал отбасында үлкен рөл атқаратын тұлға – ол әке. Әке – отбасының басшысы, балаларының қорғаны, үйдің рухани тірегі. Оның әрбір сөзі, іс-әрекеті балаларының тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Әке – әділдік пен тәртіптің, сабырлық пен төзімділіктің үлгісі. Өкінішке орай, қазіргі шындық бұл бейненің біртіндеп жойылып бара жатқанын көрсетеді. Көптеген балалар ерліктің, намыс пен сенімнің тірі үлгісінсіз отбасында күн кешіп, өсіп жатыр. Мысалы, отбасында әке бейнесі тек физикалық тұрғыдан ғана бар, бірақ рухани және эмоционалдық түрде жоқ. Психолог мамандар жүргізген статистикалық мәліметтер бала тәрбиесіне әке салғырттықпен, немқұрайлықпен қараса, бала бойында депрессияға, ашу-шандыққа, тәртіп бұзушылыққа, тәуелділікке деген бейімдік басым болатынын анықтады. Бұл дегеніміз отбасындағы, бала тәрбиесіндегі әке рөлінің басымдыққа ие болуы тек қана отбасылық қана мәселе емес, жалпы қоғамның болашағына қатысты мәселе болып табылады.

Сол себепті отбасындағы әке рөлінің қайта жаңғыруы өте маңызды дүние болмақ. Асыл дініміз бен ұлттық салт-дәстүрімізде бұл мәселенің шешіміне бағытталған нұсқаулықтар айқын көрсетілген.

Алла Тағала Құран Кәрімде былай дейді: «Ей, иман келтіргендер! Өздеріңді және үй-іштеріңді отыны адамдар мен тастардан тұратын оттан қорғандар.» (Тахрим сүресі, 6-аят). Бұл аяттан әкенің отбасы мүшелерін жамандықтан қорғап, оларды дұрыс жолға бағыттау міндеті айқын көрінеді. Отбасы алдында «отағасының», яғни әкенің Алла Тағала алдындағы жауапкершілігі өте ауыр екенін, әрбір отбасы мүшесі үшін жауапты тұлға екенін аңғару қиын емес.

Қазақ халқында барлығымыз білетін: «Әке – асқар тау, ана – бауырындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ» деген бір ауыз сөзде бүкіл тәрбиенің бастауын көрсеткен.

Ақиқатында, балаға берілетін тәрбиенің ең бастысы – имандылық. Әкенің баласы алдындағы ең алғашқы міндеті – Алланы таныту. Сондай-ақ, Пайғамбарымыздың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) өмір жолы мен өнегелі өсиеттерін үйретіп, бойына сіңіру. Ата-бабаларымыздан келе жатқан салт-дәстүр мен аңыз-дастандардың тарихын айта отырып, қазақи тәрбие беру.

Қазақта бір мақал бар: «Көре-көре көсем болады, сөйлей-сөйлей шешен болады, баулыған соң батыр болады». Біз әдетте алдыңғы екеуін айтып, үшіншісін білмейді екенбіз. Баланы балапан құстай баулу туралы айтып отырмыз. Қазақ даласында әсіресе, ер балаларды білімгерлікке, шешендікке, батырлыққа баулитын әкелер мектебі болған.

Қазақ қоғамындағы әке рөлінің маңызын өткен тарихта аты қалған ұлы тұлғалар өмірінен байқауымызға болады. Абай,

Құнанбайдай асқар тау әкесі болмағанда қазақтың маңдайына біткен ғұламасы Абай болар ма еді?!

Бірде қарт Құнанбай баласы Абайды шақырып: «Балам, сен әкеңе жете туғансың ба, өте туғансың ба?» деп сұрайды. Сонда Абай: «Әке, мен өте туғанмын, өйткені мен ақын болдым», деген екен. Аз ғана ойланған дана Құнанбай: «Жоқ, сен маған жете тудың. Өте туу үшін Абай секілді бала тәрбиелей алуың керек», деп жауап қатқан деседі.

Белең алған мәселеге келетін болсақ, бабаларымыздың «Ауруын жасырған өледі деген» нақыл сөзі жеткілікті. Қоғамда әкені сыйламайтын, тыңдамайтын ұрпақ пайда болды деп шуылдап жатырмыз. Бұл мәселе шешімі тек рухани тұрғыда өзгеріс арқылы шешілері сөзсіз. Рухани құндылықтарымызды қайта жаңғыртуды, бұрынғы қазақ қоғамындағы отбасы институтын қайта түлетуіміз керек.

Бірде Әбу Һуайра (оған Алла разы болсын) жолда кетіп бара жатып танысын жолықтырады. Оның соңынан бір кісі еріп келеді екен. Ол әлгі танысынан арт жағында келе жатқан адамның кім екенін сұрайды. Танысы: «Ол менің әкем», деп жауап береді. Сонда Әбу Һуайра (р.а) дереу: «Бұл ісің жөн емес, Пайғамбарымыздың сүннетін ескермегенсің. Әкеңнің алдына шығып жүру – ерсі қылық. Әкеңнің не артынан жүр, не оң жағында жүр. Астың дәмдінін әуелі әкеңнің алдына тарт. Тамаққа алдымен әкең қол созсын. Қабағыңмен болса да жасқап оның көңіліне селкеу түсірме. Ол тізе бүкпей тұрып, сен отырма. Әкең ұйықтамай жатып, сен жастыққа бас қойма!» деп өсиет айтқан екен. (Әл-Хаким, әл-Мүстәдрәк,3/689) Бұл ғибратты әңгімеден алар тәліміміз ата-анаға деген құрмет пен перзенттің әке алдындағы міндеттерінің қай жерде болмасын, қандай жағдайда болмасын орындалуы парыз болып табылады. Әлбетте, біз бұл тұста Ананың да ақысын ұмытпауымыз жөн. Асыл да, дана аналарымыз отбасындағы әкенің орнының маңыздылығын, қасиетін балаларының бойына сіңірте білген. Қоғамда болмасын, отбасында болмасын әке қадірінің, мәртебесінің биік болуы тікелей отбасының ұйытқысы болып табылатын әйел адамға байланысты.

Ақылы мен пайымы терең аналар балаларын үнемі әкесін сыйлап, құрметтеуге бейімдеп отырады. «Әкең жіберсе, бара ғой», «Әкеңе барып, сәлем бер», «Әкеңнің керегін дайында», «Балам әкеңнің киімін жоғары қой», «Әкенді тамаққа шақыр», «Әкеңнен рұқсат сұра», «Әкенді шығарып сал», «Әкеңнің мазасын алма» деп, әкеге құрмет, қызмет етуге баланы жасынан дайындап отырса, мұндай отбасында әрдайым тәртіп, ынтымақ пен бірлік болуы сөзсіз.

Бірде Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) былай деген: «Сендердің әрбірің бақташысың және әрбірің өз қарамағыңдағыға жауапты. Әке – өзінің отбасының бақташысы және ол



өзінің отбасына жауапты» (Бұхари, Муслим).

Қазақ халқында да «Балаңды бес жасқа дейін хандай көтер, он бес жасқа дейін құлдай жұмса, он бестен кейін досыңдай сырлас» деген дана сөз бар. Бұл – әкенің балаға деген қарым-қатынасының әр кезеңде дұрыс болуы керектігін көрсетеді.

Әке мен баланың арасындағы сенім мен түсіністік маңызды. Бала кезінен әкесімен ашық сөйлесуге, кеңес сұрауға дағдыланған бала болашақта өзіне сенімді, шешім қабылдай алатын азамат болып жетіледі. Әкенің отбасы мүшелерімен қарым-қатынасы бала үшін үлгі болып табылады, сондықтан ол әйеліне құрмет көрсетіп, балаларын әділдікпен тәрбиелеуі қажет.

Осы орайда Пайғамбарымыздың Мұхаммед (с.ғ.с) хадисінде: Әкеден балаға қалатын ең асыл мұра – жақсы тәрбие (Тирмизи мен әл-Бәйһақи жеткізген). Бүгінгі күннің әкелері осы хадисті өздеріне әкелік ұран, өмірлік қағида етіп алса, ұлтымыздың болашағы жарқын болары сөзсіз.

Отбасындағы әкенің орны ерекше. Жақсы әке – өз ұрпағына дұрыс бағыт-бағдар беріп, оларға сүйіспеншілікпен, жауапкершілікпен қараған адам. Қоғамның болашағы саналы, тәрбиелі ұрпақтың қолында, ал олардың дұрыс өсіп-жетілуінде әкенің рөлі аса маңызды. Сол себепті әрбір әке өз міндетін шын жүректен орындап, ұрпағын ізгілік пен имандылыққа тәрбиелеуі тиіс. Қазақтың «Жақсы әке – балаға өмірлік азық» деген сөзі осыған дәлел.

Төлеген қажы Арғынбайұлы,
Қосшы қалалық «Бөгенбай батыр» мешітінің имамы

ЖАЙЛЫ ҚАЛА ҮШІН ЖАСЫЛ БАСТАМА!

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНДА «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА
АҒАШ ОТЫРҒЫЗУ ШАРАСЫ ӨТТІ

ЭКОЛОГИЯ

Қосшы қаласында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында қала аумағын көгалдандыру шарасы ұйымдастырылды. Ігі іске қала әкімдігі, Қоғамдық Кеңесінің мүшелері, Respublica партиясының өкілдері атсалысты.

Қалалық емхананың алдында 25 түп екі метрлік шырша ағашы отырғызылды. Акцияға Мәжіліс депутаты Екатерина Смолякова да қатысып, қолдап, бұл бастаманың маңыздылығына тоқталды: – Әрбір отырғызылған ағаш – бұл болашаққа қосқан үлес. Біз тек сұлулық үшін емес, тұрғындардың денсаулығы үшін еңбек етіп жатырмыз. Көгалдандыру –

экологиялық жағдайды жақсарту мен жайлы қала ортасын қалыптастыру жолындағы маңызды қадам, – деді ол.

«Таза Қазақстан» жобасы – Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған, еліміздегі экологиялық ахуалды жақсартуға бағытталған ауқымды бағдарлама. Мемлекет басшысы атап өткендей, «Ағаш



отырғызу – болашаққа инвестиция», бұл осындай шаралардың мән-маңызын айқындай түседі.

Халқы 150 мыңнан асқан Қосшы қаласы бүгінде көркейіп, жасыл-желекке оранып келеді. Қоғамдық кеңестің төрағасы Рауан Қалиевтің және қалалық мәслихат депутаты Дидар Кәкімжановтің бастамасымен қолға алынған бұл шара – елордалық агломерацияны көріктендіруге бағытталған маңызды қадамдардың бірі.

Қоғамдық кеңес мүшелері мен партия өкілдері қала тұрғындарын қоршаған ортаны қорғауға және тазалықты сақтауға белсене қатысуға шақырды: Қаламыздың көркейіп, таза әрі жайлы болуына бәріміз үлес қоса аламыз. Баршаңызды осындай игі істерге қатысуға шақырамыз!

Жасыл және таза Қосшы – өз қолымызда!

Хоршат Айбек, Қосшы қалалық қоғамдық кеңес мүшесі



ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК

ЖҮЗ ЖЫЛДЫҒЫН ОЙЛАҒАН ЕЛ
АҒАШ ЕГЕДІ

Жер тоңы жібіп, алғашқы көк дүркіреп шыға бастаған кезде шыбық қадап, тал отырғызу – сауапты іс.

Қазақта «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген аталы сөз бар. Асыл дініміз бойынша да жеміс ағаштарын егу сауапты амал. Егілген жеміс ағаштарының жемістерін тек адам ғана емес, жәндіктер мен құстар да жесе, сауап болады. Осы игілікті істі жүзеге асыру, қаланы көркейтіп, жасыл желекке айналдыру мақсатында жасалып жатқан жақсы бастамаға қаламыздың «Аналар» кеңесінің басшысынан бастап барлық мүшелері түгелдей қатысты. Сол үшін де жақсылықтың жаршысы болып жүрген белсенді аналарымызға үлкен алғыс білдіреміз!

«Бір тал кессен, он тал ек» демей ме, қазақ даналығы! Жерге шаншылған әрбір тал күтімі жақсы болса, күні ертең жапырағы жайқалып, жазда сая, қыста қамал болады. Ағаш – табиғаттың ерекше жаратылған бір көркі. Соны ұмытпайық, қалалықтар!

«Бағбан болсаң, бақ өсір, балама деп тағы өсір» демекші, аулаға ағаш отырғызудың қаншалықты сауапты амал екенін тарқатып көрейік.

Мұхаммед Пайғамбардың (с.ғ.с) мұсыл-

мандар қауымын тал отырғызуға үндеген мынадай хадисі бар. «Қандайда бір мұсылман ағаш егіп, не егін ексе, одан адамдар, құрт-құмырсқа мен құстар жеп азықтанса, міндетті түрде өзіне сауап ретінде кері қайтады». Тағы бір өсиетінде: «Бір адам бір ағаш отырғызса, дәптеріне отырғызған ағашының жемісіндей сауап жазылады» делінген. Тереңінен түсінгенге тәлімді тәмсіл жатыр.

Тақырыпқа тұздық болсын. Тарихтан ғибратты әңгіме өрбітсек.

Бірде Аббаси халифаласы Һарун Рашид бір қарт адамның кішкентай жеміс ағашының көшетін отырғызып жатқан байқап қалады. Халифа оған: «Иә, ақсақал сіз қартайдыңыз. Отырғызып жатқан шыбығыңыздың жемісін көре алмайсыз. Осыны біле тұра, неге бейнеттеніп жатырсыз?» дейді. Сыр бермеген қарт: «Бізден бұрынғылар ағаш отырғызды. Біздер жемісін жедік. Енді біз де тал отырғызайық. Жемісін кейінгілер жесін», деп жауап қатады. Мұндай жауапты күтпеген Һарун Рашид әлгі қартқа риза болып, қартқа бір уыз алтын береді. Сонда қарт: «Көрдің бе, балам. Бұл



тал-шыбықтың жемісін міне, мен де көрдім», деген екен. Қарияның сөзіне одан сайын риза болған халифа тағы алтын ұстатады. Қарт Һарунның жүзіне күлімсірей қарап: «Басқа ағаштар жылына бір рет жеміс берсе, менің еккен ағашым жылына екі мәрте жеміс береді» деген екен.

Түйін. Сауапты істі саналы түрде қалыптастырған жақсы. Бұл тақырыпта бізге қарағанда бабалардың сөзі өтімді. Олай болса, тыңдаңыз: Ағаш отырғызуға асығайық!

Гүлбану Бажиева,
«Аналар» кеңесінің мүшесі

«Jana Bastau» газетіне оңай
жазылыңыз!

Құрметті оқырмандар!

«Jana Bastau» – Қосшы қаласының әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси газетіне 2025 жылға жазылу жалғасып жатыр!

Жазылу енді бұрынғыдан да оңай!

Kaspi.kz қосымшасы арқылы ешқайда бармай-ақ, бар болғаны 1 минутта жазылыңыз!

Kaspi.kz → Төлемдер → Баспасөзге жазылу → «Jana Bastau» газеті

«Қазпошта» бөлімшесінде жазылуды рәсімдеу

Жазылым бағасы:

Жеке тұлғаларға – 7000 тг

Занды тұлғаларға – 7500 тг

Қазақ және орыс тілдерінде аптасына 1 рет шығады. Ең өзекті жаңалықтар, экономика, қоғам, мәдениет және саясат.

Жазылымға дәл қазір тапсырыс беріңіз!

Байланыс: +7 701 709 88 82

«Jana Bastau» – сіздің қалаңыздың үні!

Подпишитесь на газету «Jana Bastau»
легко и удобно!

Уважаемые читатели!

«Jana Bastau» – социально-экономическая и общественно-политическая газета города Косшы. Продолжается подписка на 2025 год!

Подписаться теперь проще,
чем когда-либо!

Через приложение Kaspi.kz – оформите подписку всего за 1 минуту, не выходя из дома!

Kaspi.kz → Платежи → СМИ → Газета «Jana Bastau»

В отделении «Казпочты» – оформите подписку

Стоимость подписки:

Для физических лиц – 7000 тг

Для юридических лиц – 7500 тг

Выходит 1 раз в неделю

На казахском и русском языках

Актуальные новости, экономика, общество, культура, политика

Оформите подписку прямо сейчас!

Контакты: +7 701 709 88 82

«Jana Bastau» – голос вашего города!

Kaspi QR

Жазылым үшін ақысын төлеу
Оплата за подписку



«Jana bastau» социально-экономическая и общественно-политическая газета

Jana
Bastau

Меншік иесі –
«Bastau Media» ЖШС

Директор –
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ

Бас редактор
Дәулет АСАУ

Бас редактордың орынбасары
Гүлнәз БИСЕН

Веб-редактор
Салтанат ЕСЕНҚҰЛОВА

ЖУРНАЛИСТЕР:
Жанар АХМЕТОВА,
Асылжан КҮНТУҒАН

ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ

Дизайнер-беттеуші
Ербол ҚАНАТҰЛЫ

Корректор
Майгүл ХАРИҒАЗЫ

Нөмердің кезекшісі
Гүлнәз БИСЕН

- Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС, Сілеті көшесі 30, тел: 8(7172) 99 77 77
- Таралымы 1 500

Бағасы келісім бойынша

- Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Әдеби қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.
- Ұсынылған материалдардың дұрыстығына редакция жауап бермейді.
- Редакциямен келіспей, қайта басуға тыйым салынады.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

- Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат комитетінде 18.01.2024 ж. тіркеліп, № KZ07VPY00085845 куәлігі берілген.
- Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 04.02.2022, KZ40VPY00045578

Редакция мекенжайы:
Қосшы қаласы,
Республика даңғылы, 46

Байланыс телефоны:
тел.: +7 (701) 709-88-82

Газет «Jana bastau» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

janabastau2022@gmail.com
www.janabastau.kz